

Бұл оқулықтың міндеті – тарихшы-студенттерді болашақ зерттеу жұмыстарына қажет болатын этнологиялық мәліметтермен таныстыру. Сондықтан мұнда этностардың өмір сүру жағдайына, өзін-өзі ұйымдастыруына, ұдайы өзгеріп отыратын табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу үдерістерін түсіндіретін этнология ғылымының бөлімдеріне, сондай-ақ осы ғылым саласының тәсілдерін тарихи зерттеулерде қолданудың өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударылады.

Оқулықта этнологияда, сондай-ақ мәдениеттану, дәстүртану, әлеуметтану, саясаттану, конфликтология салаларында қалыптасқан тұжырымдамаларға шолу жасалады. Этнологияның XX ғасырға дейінгі дамуы туралы очерктер, халықтар өмірінен алынған тарихи материалдар оқулықты мазмұндық тұрғыдан байытып, оқырманына толық мәлімет қорын ұсынады. Ал аталмыш тарихи очерктердің басым бөлігі автордың зерттеу жұмыстарына, кейде өзі жүргізген тікелей бақылау нәтижелері мен екінші деңгейлі дереккөздерге негізделіп жазылған. Олардың біршама түсіндірмелік сипатқа ие болу себебі де сол.

Оқулыққа енген голыққанды тарихи очерктер тарихи этнологияның теориялық ережелерін мысалмен түсіндіріп, әдістері мен ұғымдық аппаратын нақты материалды зерттеуде қалай қолдануға болатынын көрсетуге мүмкіндік береді. Осы орайда мазмұнды күрделендірмеу үшін деректану мәселелері қарастырылмайды. Кейбір очерктерге әдістемелік түсіндірме берілген, ондағы мақсат – студенттерге тарихи-этнологиялық тәсілдерді іс жүзінде қолдануды үйрету.

Анағұрлым ауқымды әдістемелік мәселелер жеке тараумен берілген. Әрбір тарау соңындағы ескертпелер, «Ой салатын сауалдар» әдіснамалық сипаттағы мәселелерге көңіл болуға және өз бетінше зерттеу дағдысын дамыта түсуге септігін тигізеді, сондықтан өзін-өзі бақылау аспабы да, нақты тарауда мазмұндалған материалды жетік игеру құралы да бола алмайды. Дұрысы – оларды келесі тараулардың тақырып аясын ғылыми талдау ісіне назар аударуға ықпал ететін өтпелі буын ретінде қарастырған жөн. Әлгі сұрақтардың әрқайсысында соған қатысы бар нақты тарауда қарастырылатын проблема қисынды түрде мазмұндалған, бірақ тарау мәтінінің өзінде, әдетте, оған тиянақты жауап берілмейді, өйткені – тарихи этнологияға тән динамиканың сипаты сондай. Алдын ала қойылған сұрақтарға өз бетінше жауап іздеу студенттердің келесі тарау материалдарын ұғынуын жеңілдетуге тиіс.